



Ұйымды басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есеп

Лекция 1

Қарастырылатын сұрақтар

- 1. ҚР бухгалтерлік есепті заңдық- нормативті реттеу
- 2. Есептің түрлері. Есепте қолданылатын өлшеуіштер
- 3. Бухгалтерлік есептің анықтамасы, оның мақсаты мен міндеттері. Бухгалтерлік есепке қойылатын талаптар.
- 4. Бухгалтерлік ақпараттарды қолданушылар. Бухгалтерлік есептің негізгі бөлімдері
- 5. Бухгалтерлік есептің базалық қағидалары мен қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамалары.

ҚР бухгалтерлік есепті заңдық- нормативті реттеу

- «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» ҚР Заңы. 28.02.2007 ж. www.minfin.kz.
- Бухгалтерлік есептің типтік шоттар жоспары. www.minfin.kz.
- «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 14 қазандағы № 1172 Қаулысы, www.minfin.kz
- «Бастапқы есеп құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қ Р Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығы, www.minfin.kz.
- Ұлттық қаржылық есеп беру стандарттары. ҚР Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығы . www.minfin.kz
- Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандарттары (ХҚЕС) (IAS және IFRS) www.minfin.kz
- Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған Қаржы есептілігінің халықаралық стандарты.

Бухгалтерлік есеп теориясы - бухгалтерлік есептің пәні, әдісі және міндеттері туралы ғылым.

Шаруашылық есеп дегеніміз кәсіпорынның өндірістік шаруашылық қызметі туралы мәліметтер алуға көмектесетін құрал.

Шаруашылық есептің түрлері

Статистикалық есеп

- қоғамдағы статистикалық саны мен сапасы бар өзгерістерді, табиғаттағы құбылыстарды, шаруашылықтағы өзгерістерді тек қана сан жағынан есепке алып қоймай, ол құбылыстардың мағыналық жағынан сан және сапалық қасиеттерін де есепке алып, табиғи заңдылықтарын зерттейді.

Жедел есеп

- әрбір кәсіпорындардағы шаруашылық құбылысының көрсеткіштерін жедел есепке алып немесе шапшаң бақылау ұйымдастырып, соның нәтижесін кәсіпорын жұмысының барысында басшылық етуге пайдалануға қажетті шаруашылық есеп көрсеткіштері.
- Жедел есеп шаруашылық операциялары мен процестерін олар жасалып жатқан кезде қадағалауға және бақылауға арналған.

Бухгалтерлік есеп

- кәсіпорынның шаруашылық процесіндегі барлық құбылысты, яғни айналмалы қорының айналымын құжаттармен негіздей отырып, үздіксіз есептеу. Бухгалтерлік есептің міндеті кәсіпорындар жұмысына бақылау жасап, есепке алып, күнделікті қорытынды шығару.

Есепте қолданылатын өлшеуіштер

Заттай

- Заттай өлшегіштер (л, кг, дана, м кв., м куб ...) тауарлы-материалдық құндылықтарды заттай түрде есептеу үшін қолданылады. Бірақ олардың көмегімен әр текті шаруашылық құралдары мен процестерін жалпылауға болмайды (1кг шеге мен 1 кг бояуды қосуға болмайды).

Еңбек

- Еңбек өлшегіштері әртүрлі шаруашылық жұмыстар мен өнімді шығаруға кеткен еңбек шығындарын есептеуге қолданылады. Олар жұмыс күні, жұмыс сағатымен өлшенеді. Еңбек өлшемі арқылы еңбек өнімділігі, жұмысшылардың төлемақыларының мөлшері, жұмыс күнінің мөлшері анықталады.

Ақшалай

- Ақшалай (құндық) өлшегіш есепте анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Ақшалай өлшем шаруашылықтағы барлық құбылысты заттай өлшемде болсын, еңбек өлшемінде болсын, соларды біріктіріп, ақшалай өлшемге келтіреді де, бір жүйеде шаруашылық көрсеткіштеріне есеп жүргізуге мүмкіндік береді. Ол шығындар мен кірістер туралы, алынған пайданың сомасы туралы жалпы мәліметтер береді.

Бухгалтерлік есептің анықтамасы

- **Бухгалтерлік есеп** дара кәсіпкерлер мен ұйымдардың операциялары мен оқиғалары туралы ақпаратты жинаудың, тіркеудің және қорытудың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасымен, сондай-ақ есеп саясатымен регламенттелген тәртіпке келтірілген жүйесін білдіреді.
- **Бухгалтерлік есеп** — бұл барлық шаруашылық операцияларды тұтастай, үздіксіз құжаттық бейнелеу жолымен ұйымның қаржылық шаруашылық қызметі туралы ақпараттарды жинақтау, тіркеу және жалпылаудың реттелген жүйесі.

Бухгалтерлік есептің мақсаты мен міндеттері

Бухгалтерлік есептің мақсаты - барлық ұйымдарды орындалатын операциялардың уақтылы есепке алынып, олардың қазіргі күнгі уақыт талаптарына сай орындалуына бақылау жасау.

Бухгалтерлік есептің міндеттері:

- ішкі және сыртқы пайдаланушыларға қажетті ұйымның қызметі, сонымен қатар оның мүлдіктік жағдайы туралы толық және сенімді мәліметтерді қалыптастыру;
- ұйымдардың шаруашылық іс-әрекеттерін жүргізуде ҚР заңдылық-нормативтік талаптарын сақтауды бақылау үшін ішкі және сыртқы пайдаланушыларды ақпараттармен қамтамасыз ету.;
- қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуде ішкі шаруашылық резервтерді анықтауда және ұйымдастыруда шаруашылық қызметтің теріс нәтижелерін болдырмау.

Бухгалтерлік есепке қойылатын талаптар:

- Шаруашылық іс-әрекеттер тек ҚР ұлттық валютасы теңгемен ғана есепте бағаланады. Басқа валюталармен көрсетілгендер нарықтық курсқа сәйкес қайта есептелінеді.
- Ұйымдар шаруашылық іс-әрекеттер, мүліктер мен міндеттемелерін жұмыс шоттар жоспарында көрсетілген бухгалтерлік есептің байланысқан шоттарында екі жақты жазу әдісімен жүргізіледі.
- ҚР Қаржы Министрі бекіткен шоттардың типтік жоспары негізінде құрылған шоттардың жұмыс шоттары өңделуі қажет.
- Ұйымдарда бухгалтерлік есепті жүргізу үшін нормативті құжаттардың негізінде есеп саясаты өңделуі қажет.

Бухгалтерлік ақпараттарды қолданушылар

Ішкі-осы кәсіпорында қызмет атқаратын тұлғалар:фирмалардың әкімшілік органдары,олардың менеджерлері, фирманың жеке тұлғалар құрамы. Бұлардың әрқайсының ақпараттары орындайтын функциялары мен атқаратын мамандықтарына байланысты анықталып отырады.

- Акционерлер
- Басшылар
- Менеджерлер
- Негізгі бөлімше басшылары
- -Қызметкерлер

Сыртқы- пайдаланушылар кәсіпорыннан тыс қызмет атқарады және оларды келесі топтарға бөлу қажет: тікелей қаржы қызығушылығы бар,жанама қаржы қызығушылығы бар, қаржы қызығушылығы жоқ пайдаланушылар

- Инвесторлар
- Кредиторлар
- Сатыпалушылар
- Салық органдары
- Статистикалық органдары

Бухгалтерлік есеп пайдаланушылардың сұраныстарына сәйкес қаржылық және басқару болып бөлінеді

Қаржылық есеп – шаруашылық операцияларды тіркейтін және бухгалтерлік рәсімдеуді қамтамасыз ететін, сонымен қатар қаржылық есеп беруді құрудағы есеп ақпаратын жинайтын жүйе

Басқару (өндірістік) есеп – өнімнің (жұмыстар мен көмектердің) нақты өзіндік құны туралы деректер жинастырып өңдейді. Бұл есеп ақпараты кәсіпорынның коммерциялық құпиясы, сондықтан ол ақпарат тек тиісті басшы адамдар өз ішінде ғана пайдалануларына арналады.

Бухгалтерлік есептің базалық қағидалары мен қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамалары

- **Сәйкестілік қағидасы.** Табыстар тауарлар сатылған және қызметтер көрсетілген кездегі есепті кезеңде, ал шығындар табыстар алу үшін пайдаланылған кездегі есепті кезеңде көрсетіледі.
- **Үзіліссіз қызмет қағидасы.** Шаруашылық субъектісі өз қызметін белгіленбеген уақыт аралығында жалғастыра береді және жақын арада оның жойылуы күтілмейді.
- **Түсініктілік қағидасы.** Қаржылық есеп берудегі ақпараттар оларды пайдаланушылар үшін түсінікті болуы керек.
- **Маңыздылық қағидасы.** Қаржы ақпараты пайдаланушылардың шешім қабылдауы барысында, олардың қажеттерін қанағаттандыруда және қаржы-шаруашылық қызметіне баға беруде көмектесуі тиіс.
- **Мәнділік қағидасы.** Есеп жүргізу саясатында мәнді, маңызды ақпараттың ескерілмеуі немесе дұрыс көрсетілмеуі қаржы есептемесін пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болса, онда оны қаржы есептерінде ашыпкөрсетуге бағытталуы тиіс.
- **Дұрыстық қағидасы.** Ақпарат шынайы көрсетілуі керек, мұнда оның ағат пікір және қате жоқ екендігін оңай тексеруге болады.

- *Бейтараптық қағидасы.* Ақпарат сенімді болуы үшін бұрмаланудан аулақ болуы керек.
- *Сақтық қағидасы.* Активтер мен табыстардың асыра бағаланбауын, ал міндеттемелер мен шығындардың жете бағаланбауын болдырмас үшін, белгісіздік жағдайда баға беруге қажетті шешімдер қабылданған кезде сақ болған жөн. Активтер мен міндеттемелерді бағалаған кезде неғұрлым консервативті әдіс таңдалынады: шығындар-максимум бойынша, ал табыстар минимум бойынша.
- *Тиянақтылық қағидасы.* Сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында қаржы есептеріндегі ақпарат толық болуы керек.
- *Салыстырмалық қағидасы.* Қаржы ақпараты пайдалы әрі мазмұнды болуы үшін, ақпарат бір есепті кезеңнен екіншісіне салыстырмалы түрде, ал оны пайдаланушылар есеп саясатынан және оған енгізілетін барлық өзгерістерден құлағдар болуы керек.
- *Кезектілік қағидасы.* Кәсіпорынмен таңдалып алынған есеп саясаты бір есепті кезеңнен екіншісіне дәйекті түрде қолданылады.
- *Қаржылық ақпаратты әділетті және тура көрсету.* Қаржылық есептемелер оларды пайдаланушыларды субъектінің қаржылық жағдайы, операцияларының нәтижелері және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шынайы және тура түсінік тудыруы керек.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Бухгалтерлік есептің пайда болуының тарихи аспектісі.
- 2) Бухгалтерлік есептің анықтамасы және оның міндеті.
- 3) Қазақстандық заң бойынша шаруашылық субъектілерінің түрлері.
- 4) Қаржылық нәтижені анықтаудың қағидаттары.
- 5) Бухгалтерлік есептің міндеті және оған қойылатын талаптар.
- 6) Бухгалтерлік есептің ерекшеліктері.
- 7) Есеп жүйесінің түрлері.
- 8) Есеп саясатының принциптері.
-